«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рахимова Гакку Нурлановнаның «Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығына сәйкес орындалған. Бұрын қолданыста болған қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындайтын мекемелерді ұйымдық қайта құру жүзеге асырылды. Бұл мәселе 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат Тұжырымдамасында өз жалғасын тапты.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылымына елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы тереңдетіліп ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторанттың ғылыми жұмысты жазу стилистикасы басқа авторларға қараған өзгеше, дербес болып келеді. Жазу деңгейі жоғары, мазмұндағы сұрақтар толығымен ашылған. Ғылыми жұмыс Қазақстанда алғаш рет жазылып отыр.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі заманауи талаптарға сәйкес негізделген және жұмыстың өзектілігі болашақта

		2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	қылмыстық құқық және қылмыстық-атқару құқық салаларына септігін тигізетініне ғылыми жұмыстың бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <u>1) айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ғылыми жұмыстың мазмұны диссертацияның тақырыбын айқындайды. Соның ішінде бірінші тарау Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың жалпы түсінігі, екінші тарауда Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне қылмыстық құқықтық және қылмыстық-атқарушылық сипаттама берумен қатар жетілдірудің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазалар туралы жалпы доктринаның өзекті мәселелерін, олардың қылмыстық-құқықтық базасын, криминологиялық және әлеуметтік аспектілерді, олардың практикада қолданылуын, жекелеген ережелердің қайта қаралуын және оның мақсаттарының қоғамнан оқшауланумен байланысты жазадан артықшылықтарын анықтаудың негізінде, жүйелі кешенді талдау болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін автор тиісті міндеттерді алдына **қойды**. Диссертацияда қойылған міндеттер нақты және қойылған мақсатты жан-жақты шешуге бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, екі тараудан және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Автор салыстырмалы әдісті қолдана отырып, ол ұсынған шешімдердің қазіргі тәсілдерден асып түсетіндігін көрсетеді, осылайша кемшіліктерді анықтап қана қоймай, оларды шешудің нақты жолдарын ұсынады.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертант ұсынған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми жұмыста көрініс тапқан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?	Қорғауға шығарылған тұжырымдар жұмыста толықтай дәлелденген. 1. Қағидат. Оқшауланумен байланысты емес жазалар туралы теория мемлекеттің қылмыстық саясатын, оның құқықтық жүйесін, құқық қолдану теориясы мен практикасын әзірлеу мен іске асырудың әдіснамалық және жалпы теориялық негізі болып табылады. Бұл доктрина құқықтық сананы, құқықтық идеологияны, әдіснаманы, құқық қолдану қызметінің жалпы теориясы мен логикасын қалыптастыру функцияларын жүзеге асырады. Қоғам дамуының өзгеріп отыратын әлеуметтік, саяси және

		1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	экономикалық жағдайларын ескере отырып, оқшаулануға байланысты және оқшаулануға байланысты емес жазалардың арақатынасы туралы доктрина теориялық, заңнамалық және ұйымдастырушылық деңгейлерде соңғыларының арақатынасын арттыру тұрғысынан қайта қаралып, түзетілуі керек. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағида ғылыми мақалаларда дәлелденген. 2. Қағидат. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде оқшаулауға байланысты емес жазалар қылмыстылық пен қылмыскерлерге ықпал етудің неғұрлым тиімді, және мемлекет үшін үнемді құралы саналады, себебі олар әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзету, сотталған адамның да, басқа да адамдардың тарапынан жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуын болдырмау және алдын алу сияқты мақсаттарды толығымен, сонымен қатар жоғары, тиімді деңгейде шешуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқшауланумен байланысты емес жазаның бас бостандығынан айырудан айырмашылығы сол, ол физикалық азап шегуді немесе адамның қадір-қасиетін төмендетуді толығымен жояды және жазалардың тиімді орындалуын қамтамасыз етеді. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағида ғылыми мақалаларда дәлелденген.

			3. Қағидат. Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалар институтының рөлін арттыру мақсатында (ҚР ҚК 11-бабы) қылмыстарды санаттарға бөлу негіздерінің қатарына оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың басқа түрлерін қосу арқылы қолданыстағы қылмыстарды санаттарға бөлу институты жаңғыртылуы тиіс. Мысалы, айыппұл, қамауға алу, бостандықты шектеу, қажет болған жағдайда жазаның жаңа түрлерін енгізу (жаңа үлгідегі жер аудару және шығарып жіберу). Қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазаларға артықшылық бере отырып, бас бостандығынан айыруды ерекше жағдайларда ғана қолдану керек. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағида ғылыми мақалаларда дәлелденген. 4. Қағидат. Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындаудың тиімділігін арттыру үшін келесідей өзгерістер қарастырылуы тиіс. 4.1 «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ 2014 жылғы 15 тамыздағы №511 бұйрығының «Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібі» деген параграфтың 44-бөлігінен «не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған» деген тіркесті алып тастап, 44-1-бөлігімен толықтырулар енгізген жөн деп есептейміз: «44-1. Жұмыссыз қалуы себепті сотталған адамның жұмыспен қамтылуы мәселесін Пробация қызметі шеше отырып, жазаның одан әрі орындалуын қамтамасыз етуі керек". Сонымен қатар, ресейлік тәжірибеге сүйене отырып, бұл бұйрықты сотталушының пробацияға келу тәртібімен толықтыру ұсынылады.

			4.2 Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін сотталған адамды жауапқа тарту фактісін нақтылау мақсатында ҚР ҚАК 54-бабының 2-бөлігіне "Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарып жүрген" деген сөздің орнына "жалтару мақсатында тұрақты жұмысына бармай жүрген " атты сөз тіркесін қосу қажет. 4.3 Сонымен қатар, ҚР ҚАК-нің 54-бабы мен ҚР ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігінде түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін басқа жаза түрлерімен ауыстырудың негіздері: бірінде «жалтарғаны үшін», ал екіншісінде – «түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін негізгі және өзге де мән-жайлар» деп, екі түрлі келтіріледі. Екі норманы сәйкестендіру мақсатында ҚР ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігіне келесідей өзгерістер енгізу қажет деп есептейміз: 5. «... Сотталған адам түзеу жұмыстарынан жалтарған жағдайда, олар:». 4.4. ҚР ҚАК-нің 66-бабының 1-бөлігінде қарастырылған сот пен Пробация қызметінің сотталған адамға жүктеген міндеттерінің тізімі айқын еместігін аңғаруға болады. Бас бостандығын шектеуді өтеп жатқан сотталған адамның міндеттерін (шектеулерін) бір-бірінен ажыратып, нақтылау үшін ҚР ҚАК-нің 66-бабының 1-бөлігіне өзгерістер енгізуді ұсынамыз. «2) Пробация қызметінің ұсынымы бойынша сот айқындаған орындарға бармау» ұғымын «1) сот жүктеген міндеттер» ұғымы қамтығандықтан, осы норманың 1-бөлігінің 2)-тармақшасын алып тастап, қалған тармақтарды реттілігімен орналастыра отырып, 3)-тармақшаны «пробация қызметінің басқа да талаптарын сақтауға міндетті» деген мәтінмен толықтырған жөн. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа

			7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. 5. Қағидат. Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін ҚР ҚК 44 – бабының 1-бөлігі бойынша мәжбүрлі еңбекке тартылмайтын және ҚР ҚК 43-бабының 3-бөлігі бойынша қоғамдық жұмыс түріндегі жаза тағайындалатын сотталған адамдар тізімін 3 жасқа толмаған жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған қамқоршымен толықтыру қажет деп санаймыз. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағида ғылыми мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың ғылыми әдістер диссертацияның мазмұнына сәйкес келеді және негізделіп жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған, ол нәтижелер заманауи технологияны пайдалану арқылы терілген және ғылыми жұмыста анық көрініс табады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде	Ғылыми жұмыстағы теориялық қорытындылар отандық және шетелдік ғалымдардың, мемлекеттік органдардың есептеріне, сот үкімдеріне қамтыла отырып жазылған.

		дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Ғылыми жұмысты жазу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Ғылыми жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы жылдардағы ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасалынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті болып табылады. Ізденуші 210 әдебиетті пайдаланды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Болашақта қылмыстық құқық және қылмыстық атқару заңнамаларына өзгерістер ұсынылуы мүмкін. Жалпы, диссертацияның теориялық маңыздылығы сөзсіз.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Автор қылмыстық заңнамадағы және қылмыстық атқару тәжірибесіндегі әлсіз жақтарын нәтижелі анықтап, оларды жетілдіру үшін нақты ұсыныстар береді. Алынған нәтижелерді заң шығарушылар, құқық қорғау органдары пайдалана алады, бұл жүргізілген зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация аясындағы ғылыми нәтижелер мен практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Бұрын ғылымда тұжырымдалмаған, ұсыныстар диссертанттың ұсынуымен алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Диссертациядағы академиялық жазудың сапасы ерекше назар аударуға тұрарлық. Автор материалды ұсынуда қатаң құрылым мен нақты ұйымдастырылған логикалық тәртіпті ұстанады. Зерттеу жұмысы қазақ тілінде, қойылған талаптарға сай жазылған кешенді ғылыми еңбек.

Диссертацияның мазмұны мен рәсемделуі бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар:

Г.Н.Рахимованың диссертациясы жоғары мазмұнды жазылған, ғылыми деңгейде орындалған. Сонымен қатар жеке, елеусіз ескертулер айтуға болады.

1. Дисертациялық жұмыста қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар бойынша соңғы жылдағы статистикалық мәліметтерді көбірек көрсеткен жағдайда, ғылыми жұмыстың маңызы жоғары болар еді деп есептеймін, бірақ, көрсетілген ескерту жұмыстың қорғалуына ешқандай да кері әсер етпейді.

2. Диссертация жұмысын рәсімдеу барысында аздаған стилистикалық қателер кездеседі, бірақ олар жұмыстың академиялық жазуын төмендетпейді.

Рахимова Гакку Нурлановнаның «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,
PhD доктор **Избасова А.Б.**

« 8 » 04 2024 жыл

Қолын растаймын
Подпись заверяю

ӘЛ-ФАРАБИ
БИН 990140001154